

"Қорқыт Ата Әуежайы" АҚ қызметкерлеріне заңнама талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу

### Хаттамасы

Қызылорда қ.

«29» наурыз 2024 ж.

### Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту семинары

**Сөйледі:** Әуежайдың Комплаенс-офицері Т.У.Абдрашов

**Қатысты:** авиациялық қауіпсіздік қызметінің (САБ), ұшуларды іздестіру және авариялық-құтқарумен қамтамасыз ету қызметінің (СПАСОБ), жолаушылар және жүк тасымалдарын қамтамасыз ету қызметінің (СОП и ГП), жанар жағар май (ГСМ) қызметінің жеке құрамы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке келесі функцияларды жүктеледі: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу; сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу; квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру; квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету; сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

### Шешім:


1. Баяндалған мәліметтер әуежай қызметкерлерімен өз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде әрі қарай пайдалану үшін назарға алынсын.
2. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз етсін.

Ұйымдастыру-құқықтық мәселелер  
бөлімінің бастығы, комплаенс-офицер




Т.Абдрашов

САБ басшысы



Г.Сулейменов

СПАСОП басшысы



Б.Жалгасбаев

СОП и ГП басшысы



Г.Михаева